

Бұрынғы "Қарағандышахтықөмір" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының берешек мәселелерін шешу жөніндегі және Қарағанды көмір бассейнің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 маусымдағы N 973

Бұрынғы "Қарағандышахтықөмір" республикалық мемлекеттік кәсіпорны және "Қарағандышахтықөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының берешек мәселелерін шешу, Қарағанды көмір бассейнің кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру, жұмыс орындарын сақтау, инвестицияларды тарту және энергия таратурында бәсекелестікті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне "Қарағандышахтықөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының берешектерін қайта құрылымдау үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік медетші банкіне 1997 жылдың республикалық бюджетінде көзделген қаржының есебінен 438 млн.тенге сомасында қаржылық қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкі:

"Қарағандышахтықөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының берешектерін қайта құрылымдауда, кестеге сәйкес (қоса беріліп отыр) көрсетілген сомалар шегінде процентсіз несие беру нысанында мақсатты қайтарымды қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

көрсетілген несие беруді оның қайтаруын қамтамасыз ететін ("Қарағандышахтықөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының банкроттығы туралы іс бойынша іс қозғалған жағдайда оны бірінші кезекте өтеу) "Қарағандышахтықөмір" жабық үлгідегі акционерлік қоғамымен тиісті шарт жасау жолымен қаржыландырылған күнінен бастап 6 айдан аспайтын мерзім нысанында жүзеге асырын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі салық зандарына сәйкес "Қарағандышахтықөмір" ашық үлгідегі акционерлік қоғамына 1997 жылдың аяғына дейін жеке тұлғалардан табыс салығы мен Зейнетакы қоры төлемдерінен басқа салықтарды төлеу жөнінде мерзім берсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын бюджеттік мекемелер үшін көмір берушілердің конкурсын өткізу кезінде 1997 жылдың екінші жарты жылдығында "Қарағандышқөмір" ашық үлгідегі акционерлік қоғамынан республикалық бюджет мекемелеріне көмір сатып алу мүмкіндіктерін қарасын.

Облыс әкімдеріне жергілікті бюджет қаражаты есебінен көмір беруге

арналған конкурсты өткізу кезінде республикалық бюджеттік мекемелер үшін өткізілген конкурстың нәтижесі ұсынылсын.

5. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С.Павловқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 14 маусымдағы
N 973 қаулысына
қосымша

Каражаттарды бөлу кестесі

Датасы		Сомасы (теңге)
1997 жылдың маусымы		200 000 000
1997 жылдың шілдесі		138 000 000
1997 жылдың тамызы		100 000 000
Жиынтығы		438 000 000